

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қазандағы N 431 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 қарашада N 14-12-103 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 4 қаңтардағы № 7 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011.01.04 № 7 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау, оларды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы м ө л ш е р і н д е б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.Мейірбековке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*С.Әбдіқұлов*